

Ш.Уалиханов атындағы жалпы орта мектебінің әлеуметтік педагогының 2020-2021 жыл оқу жылының қорытынды есебі .

Оқу жылының яғни тамыз айының басында әлеуметтік педагогтың жылдық жоспары түзіліп, бекітілді. Мектептің оқушы саны 694 Сонымен қатар әлеуметтік педагогтың ДТЖО Е. Маханов педагог-психолог ,медбике, мектеп инспекторы және сынып жетекшілер мен тәрбиешілермен бірлескен жұмыс жоспары құрылды . Жылдық жоспар негізінде айлық , апталық жоспарлар жасалып ,жоспар бойынша жұмыс атқарылды .Сынып жетекшілер мен тәрбиешілерден оқушылардың әлеуметтік тұрмыс жағдайын зерттеу жөнінде мәліметтер жинақталды .Оқушылардың жеке құжаттарымен танысып ,әлеуметтік тұрмыстық жағдайын зерделеп тиісті санаттарға бөліп тізімдері жасалынды.Оқу жылының басында мектептегі жалпы оқушы саны 694 оқушы болды оның ішінде ,әлеуметтік санаттар бойынша : Көпбалалы отбасынан шыққан , оқушылар саны 185, сәтсіз отбасынан шыққандар 2, жартылай жетім отбасынан шыққандар 28, Қамқоршылықтағы оқушы 12, мүгедек балаларсаны үйде оқытылатын -3 . Осы оқушылардың ішінен әлеуметтік әлсіз ,әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасынан шыққан атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасынан шыққан 15 оқушы , қамқоршылықтағы 12 оқушыны және мектептің қамқоршылық кеңесі айқындаған 17 оқушыға «Жалпыға бірдей міндетті білім беру қорынан» мектеп формаларын алуға тізімге қосып , қаржылай көмек көрсетілді. 44-оқушы күніне бірреттік ыстық тамақпен қамтамасыз етіледі «Мектепке жол» Республикалық акция аясында қоғамдық демеушілердің көмегімен жиналған 64785 тенгеге әлеуметтік азқамтамасыз етілген отбасылардан шыққан 3- оқушыға қаржылай және материалдық көмек көрсетілді .Мектеп оқушыларының отбасылық әлеуметтік және диагностикалық картасы жасалынды .Жоспар бойынша мектеп инспекторымен ,тәрбие саласының мамандарымен бірігіп , «Құқық бұзушылықтың алдын алу» тақырыбында түсіндіру жұмыстары ұйымдастырылды .Мектеп психологымен бірігіп 7-11 сыныптар оқушыларымен психологиялық зерттеу жүргізіліп тесттік сынамалар алынды . «Бестерек» жобасы аясында 5-11 сыныптардан сауалнамалар алынды .Мектеп әкімшілігінің психолог мамандар, құқық пәнінің мұғалімінің қатысуымен БҰҰ-ы қабылдаған «Бала құқығы туралы» Халықаралық Конвенция ҚР –ң «бала құқығы туралы» Заңынан үзінділер оқытылып талқыланды. Бастауыш сыныптарда «Жолда жүру» ережелері түсіндіріліп, тәрбие сағаттары өткізілді . 11 –сыныптарға «Толеранттылық» тақырыбында пікір талас өткізілді . Мектеп медбикесі 6-9 сыныптарға «Жеке бас гигиенасы» тақырыбында лекция оқыды. «Дұрыс тамақтану мәдениеті» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Тәрбие саласымен бірігіп «Дін тәрбие дінгегі» тақырыбында ауыл имамы, ішкі саясат бөлімімен бірігіп түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Әр тоқсан сайын ата-аналар жиналыстарына қатысып әлеуметтік бағытта түсіндіру жұмыстарын жүргізіп отырамыз. Әлеуметтік педагогтың оқу жылының 2020-2021 оқу жылының атқарған жұмыстарының қорытындысы.

Әлеуметтік педагог :

Н.Балқыбеков